

Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі м.а. А.К.Куркенова ашып, ол өз сөзінде: құрметті әріптестер барлықтарыңызды 2025-2026 оқу жылының басталуымен құттықтаймын. 2025 жылдың 15 тамыз күні Астанада еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің қатысуымен ұстаздардың республикалық тамыз конференциясы өткенін білесіздер. Мемлекетіміздің басшысы білім беру саласындағы басымдықтарды айқындап берген болатын. Енді біздің міндетіміз сол басымдықтармен танысып, сол міндеттерді балабақшада қолдану керекпіз. Басты бағытымыз биылғы оқу жылындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы адал азамат бағыты. Әр іс – әрекетте, іс – шараға енгізілуі

тиіс біртұтас философия ол. Оның мақсаты білімді отаншыл жасампаз ұрпақ тәрбиелеу. Әр тәрбиеші, педагог өзінің жоспарына соның ішіне әсіресе перспективалық жоспарға біз осы адал азамат қағидаттарын енгізуіміз керек. Біз енді әр айда бір қағидат мысалы қыркүйек айы еңбекқорлық пен кәсіпкерлік айы деп белгіленген, сол әр айда өзінің басты қағидатын біз жұмыс жоспарларымызға әрқайсысымыз енгізіп қоюымыз керек, келесі басты мәселе ол жасанды интеллект ол білім беру процесінде уақытты бізге үнемдеуге және түрлі әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін цифрлық көмекші, педагогтерге кезең кезеңімен осы жасанды интеллекттің меңгеру үшін курстар ұйымдастырылатын болады, бүгінгі күннің өзінде өрлеуге онлайн форматында бұл курс қолжетімді, келесі ол басты мәселе педагог мәртебесі, мемлекетіміздің басшысы педагогке өзінің тікелей кәсіби жұмысынан басқа жұмыстарды бермеуге шегелеп айтқан, соған қарағанда енді елбасымыздың сондай бағалап бізді көтермелеп тұрған кезде біз өзіміздің біліктілігімізді дағдыларымызды үнемі жетілдіріп тұруымыз керек екенімізді естен шығармауымыз керек құрметті әріптестер.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.К.Куркенова педагогтерге экран арқылы Президент Қ.Тоқаевтың тамыз кеңесіндегі үзінді видеосын көрсетті.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер А.К.Куркенова Әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру. Балабақшаның жылдық жоспарындағы мақсат, міндеттерімен таныстырып шықты. МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету, Мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру; Мектепке дейінгі ұйымдарда «Сарқаттану» вариативтік бағдарламасын жаппай іске асыру; Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру; «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеумен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту; «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары»- жеке мектепке дейінгі ұйымдарға енгізу; «Жасыл балабақша», «ІТ-балабақша» желісін кеңейту экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру; «ІТ-балабақша» желісін кеңейту– ЖИ дамыту; «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды Даярлықты ұйымдастыру жөнінде қысқаша тоқталып кетті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер А.К.Куркенова «Адалдық әліппесі» мектеп жасын дейінгі балаларды құнды қасиеттер мен адалдықты қалыптастыруға бағытталған дидактикалық ойындар жинағымен таныстырды. Бүгінгі күні қоғамда жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу, яғни балаларды жақындарына мейірімділік пен әдептілік, жанашырлық пен қамқорлық танытуға, жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу мәселесі өзекті болып табылады. Мектепке дейінгі жаста бұл мәселені шешу өте маңызды, өйткені бұл кезеңде

қалыптасатын тұлғаның адамгершілік қасиеттері, түсініктері балалардың барлық әрекеттеріне ықпал етеді және мектеп жасында адамгершілік тәрбиені табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Адамгершілік тәрбие мәселесі өзекті болғандықтан, бұл мәселемен ертеден бері философтар, педагогтер айналысып келеді. Ежелгі философтар өз еңбектерінде адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу идеяларын, классик-педагогтер тәрбиеленушілерге педагогикалық ықпал ету тәсілдерін ұсынды. Олардың көзқарастары мен ұстанымдары адамгершілік тәрбие теориясы мен практикасын зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері заманға, экономикалық және саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Қазіргі қоғам мемлекетке, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, азаматтық парыз, әлеуметтік белсенділік, күнделікті өмірде болып жатқан оқиғаларға немқұрайлы қарамау сияқты адамгершілік қасиеттерді талап етеді. Бірақ, негізгі адамгершілік қасиеттер өзгермейді: әдептілік, жауапкершілік, мейірімділік, адалдық, әділдік, үлкендерді сыйлау және басқалар деп сөзін аяқтады.

Бесінші мәселе бойынша қазақ тілі педагогі: Н.Б.Секербаева мектепке дейінгі балалық шақ жеке тұлғаны қалыптастыруда өте маңызды кезең, осы кезеңде баланың танымдық процестері қарқынды дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән бірқатар психологиялық ерекшеліктер: қарқынды қабылдау мен есте сақтау қабілетінің жоғары болуы тілді табысты меңгеруге ықпал етеді.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйрету Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) қарастырылған.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтарда балаларға қазақ тілін үйретуге неғұрлым ерте мән беріп, қазақ тілін үйрету үшін қолайлы тілдік орта құруға, мемлекеттік тілді үйрену бойынша жұмысты жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, нәтижелер соғұрлым табысты әрі тиімді болады.

Балалардың әлеуметтік қарым-қатынасының алғашқы дағдылары айналасындағы ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас кезінде қалыптасады. Сондықтан балаларға қазақ тілін үйрету мәселесіне мектепке дейінгі ұйымның басшысынан бастап әдіскер, барлық педагогтер мен ата-аналарды тарта отырып, ықпалдастықта ұйымдастыру қажет.

Мектеп жасына дейінгі кезден бастап балаларға қазақ тілін үйрету уақыт талабы болып табылады. Бірақ тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес. Тілді ерте үйрету баланың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік қабілеттерін дамытып қана қоймайды, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрлеріне деген қызығушылықты, сондай-ақ Отанға деген патриоттық сезімдерін қалыптастырады.

Балаларға мемлекеттік тілді үйрету (мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес ересек топта бір рет, мектепалды тобында аптасына екі рет) сондай-ақ күн сайын

режимдік сәттерде балалар әрекетінің: қарым-қатынас, заттық, ойын, еңбек, көркем (педагогтің көркем әдебиет оқып беруі, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау), театрландырылған және дербес әрекет және басқа да әрекет түрлері арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым- қатынасты игерту ұсынылады.

Бағдарламаның мақсаты балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын ояту, қазақ тілінде ауызша сөйлеудің қарапайым дағдыларын (түсіну және айту) қалыптастыру деп сөзін аяқтады.

Алтыншы мәселе бойынша: Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы (Нормалар мен ережелерді талқылау:

- санитарлық нормалардың сақталуы
- тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру
- қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету
- балабақша қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері балабақша шаруашылық меңгерушісі А.К.Жунусова мен балабақша медбике С.С.Куттыаякова өздерінің презентация слайдтарымен бөлісті.

Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер

1. Әдістемелік нұсқаулық хаттың ішіндегі негізгі басым бағыттармен әрі қарай жұмыс жандандырылсын.
- 2.Адалдық әліппесі барлық топтың перспективалық жоспарларына енгізілсін.
- 3.Тілге бойлау бағдарламасы перспективалық жоспарлар мен циклограммаларға толықтырылсын.
4. Балабақшаның санитарлық жағдайы күнара бақылауға алынсын.